

Қарағанды – кеншілер қаласы.

Ғабиден Мұстафин. «Қарағанды» романынан үзінді

Оқу мақсаты:

ғылыми- көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (интервью) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;

мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау

Бағалау критерийі:

- публицистикалық және ғылыми стильдердің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады;**
- интервью жазуда форматты сақтайды.**

Мазмұндық өңдеу:

- Материалдарды мұқият тыңдау және негізгі, қосымша ақпараттарды анықтау;
- Негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді, сөйлемдерді белгілеу.
- Автор ойын, баяндау желісін сақтай отырып, мәтіндегі негізгі ойды ықшамдау.

Мәтін түпнұсқасының сілтемесін көрсету. Мысалы: Ғ. Мұстафин шығармасына ... арқау еткен, «.....» өміржолында берілген, т.б.

Публицистикалық стиль:

жұртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады, зор мәні бар мәселелер тақырып болады (саяси, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми, мәдени, моральдық).

Мақсаты - жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, халықтың санасына ықпал ету.

Басты сипаты:

- жинақы, тұжырымды;
- сөздері экспрессивті, екпінді болады;
- тыңдаушыларын коммуникативтік байланысқа тартатындай құралады;
- публицистикалық стиль ауызша және жазбаша түрде қолданылады.

Рефлексия «Менің баспалдағым»

Студенттер сабақтан алған дағдыларының қай сатыда екенін стикерге аты-жөнін жазып, өзім жеттім деген баспалдағының тұсына жапсырады.

